

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ BORUSAN CAT КОМПАНИЯСЫ

1. БІЗ ӨЗ УӘДЕЛЕРІМІЗДІ ОРЫНДАЙМЫЗ, АШЫҚ ЖӘНЕ АДАЛ ӘРЕКЕТ ЕТЕМІЗ

- Біз барлығын мүмкіндігінше уақытында жасауға және Тапсырыс берушіге оның тапсырысы бойынша жұмыстың қалай жүріп жатқанын хабарлауға тырысамыз
- Біз өз ұсыныстарымыз бен мәлімдеген жоспарларымыздан айнымаймыз
- Біз Тапсырыс берушімен өзара қарым-қатынаста жауапкершілік пен дәйектілікті ұстанамыз
- Біз не нәрсеге де әділ және ыждағатты қарауға тырысамыз
- Біз байыптымыз және фактілерге сүйене отырып сөйлейміз
- Біз өз міндетіміздің мәні неде екенін нақты түсінеміз
- Біз үнемі оқып-үйренеміз және биік бағдарларға ұмтыламыз
- Біз ең жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуде және Тапсырыс берушілеріміз үшін шешім құруда бар күш-жігерімізді жұмсаймыз

2. БІЗ ӘДЕП КОДЕКСІН ҰСТАНАМЫЗ ЖӘНЕ АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚҰРМЕТТЕЙМІЗ

- Біз өз Тапсырыс берушілерімізге және бүкіл іскерлік экожүйеге пайда әкелетін адал бәсекелестікті құрметтейміз және қолдаймыз
- Біз бизнес жүргізудің негізгі қағидаттарын сыйлаймыз және оларға сәйкес әрекет етеміз

3. БІЗ ӨЗ ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕРІМІЗ ҮШІН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ШЕШІМДЕРДІ ЖЕТКІЗУШІСІ РЕТІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕМІЗ

- Біз Тапсырыс берушілеріміздің табысқа жетуіне тілектеспіз және олар үшін шешімдер жеткізуші ретінде жұмыс істейміз
- Біз өз Тапсырыс берушілерімізбен бірге барлық жолды бірге жүріп өтеміз
- Біз шешімдерді қалыптастыру және ұсыну барысында Тапсырыс берушілермен ынтымақтастықта боламыз
- Біз өз Тапсырыс берушілерімізді түсіну үшін эмпатияға арқа сүйейміз
- Біз Тапсырыс берушілеріміздің қажеттіліктеріне сәйкес келетін қызметтер мен шешімдерді ұсынамыз
- Біз ең үздік шешімдерді әзірлеу үшін пайдалану жағдайларына талдау жүргіземіз

4. БІЗ ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕРІМІЗДІ ҚАНДАЙ ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ТАЛАПТАРҒА ТАП БОЛУЫ МҮМКІН ЕКЕНІН ТҮСІНЕМІЗ ЖӘНЕ БАЛАМА ШЕШІМДЕРДІ ҰСЫНАМЫЗ

- Біз деректерді білімге айналдырамыз және шешімдердің ең жақсысын ұсыну үшін Тапсырыс берушінің ықтимал проблемалары мен қажеттіліктерін болжаймыз
- Біз технологияларды Тапсырыс берушінің алдынан шығатын қиындықтарды олар туындайтын күннен бұрын болжау үшін пайдаланамыз
- Біз Тапсырыс берушілеріміздің бизнесінде үзілістер болмауы үшін дара сипаттағы, экономикалық тұрғыдан тиімді ұзақ мерзімді шешімдер жасаймыз
- Біз Тапсырыс берушінің өндіріс құралдарын иемдену үшін жұмсайтын жиынтық шығындарын азайтуға бағытталған рентабельді шешімдерді ұсынамыз
- Біз әр Тапсырыс берушінің жеке қажеттіліктеріне бейімделген шешімдерді ұсынамыз

БІЗ ӘЛЕМДІ ЖАҚСARTУ ҮШІН
ШЕШІМДЕР ҚҰРАМЫЗ

5. БІЗ ЖАҢА ШЕШІМДЕР ТАБУ, ОЛАРҒА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕРГЕ ҰСЫНУ ҮШІН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМЫТАМЫЗ

- Біз технологияларды Тапсырыс берушілермен қарым-қатынасымыздың үдеткіші ретінде шешімдерді құру жөніндегі серіктесі ретінде пайдаланамыз
- Біз макродеңгейде пайда болатын технологиялық жасақтамаларды қадағалаймыз және оларды Тапсырыс берушілер үшін жарамды және пайдалы нысанға айналдырамыз
- Біз өз Тапсырыс берушілерімізге маркетингтің және шешімдер ұсынудың көпарналы тәсілдемесін ойластырамыз, жетілдіреміз және қолданамыз

6. БІЗ ӨЗ ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕРІМІЗДЕН АЛЫНАТЫН КЕРІ БАЙЛАНЫСҚА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАЙМЫЗ

- Біз Тапсырыс берушілерімізді тыңдап қана қоймай, олардың кері байланысын санамызбен қабылдаймыз, жиналған деректерге сүйеніп әрекет етеміз, өз шешімдеріміз бен процестерімізді жақсартамыз
- Біз әрдайым кемелдену қажеттілігін естен шығармастан, өз Тапсырыс берушілерімізге ең үздік шешімдер ұсынамыз

7. БІЗ ӨЗГЕЛЕРДІ ШАБЫТТАНДЫРЫП, АРТЫМЫЗДАН ЕРТЕМІЗ

- Біз ізашар рөлін қабылдаймыз және өз секторымызда көшбасшы болуға ұмтыламыз

8. БІЗ ӨЗІМІЗ ӨМІР СҮРЕТІН ӘЛЕМДІ ҚАМҚОРЛЫҚҚА БӨЛЕЙМІЗ

- Біз әлемнің тұрақты дамуына және өміршең қоғамды қалыптастыруға өз үлесімізді қосамыз
- Біз ресурстарды пайдалануға өте мұқият қараймыз
- Біз өзіміз мүше болған қоғамдастықтарды және жергілікті халық топтарын дамытуға атсалысамыз

Сонымен, осы Декларация арқылы біз қызметтердің ең жоғары деңгейін ұсынуға және сол арқылы Тапсырыс берушілерге олардың бағалы екенін сезінуге, олардың жұмысын жеңіл, үздіксіз және қауіпсіз етуге мүмкіндік беретінімізді мәлімдейміз.

Біз

"Әлемді жақсарту үшін шешімдер құрамыз"

деп жариялаған мақсатымыздың біздің Тапсырыс берушіміз сөзсіз және толықтай риза болған жағдайда ғана орындалатынына нық сенімдіміз.